

Елу жылда ел жаңа

Елбасының халыққа Жолдауында ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы, өзі айтқандай, жаңа саяси бағыт. Басты мақсат – ХХІ ғасырда қазақ елінің орнықты дамуын жалғастыру, осы ғасыр ортасында әлемдегі ең дамыған 30 елдің санатына қосылу. «Мақсат – жетістіктің желкені» дейді халқымыз. Президент ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы біздің болашақ табыстарымыздың, үстіміздегі ғасырдың ұзақ жолының бағдары, жолбасшысы болмақ. Осындайда жүретін ұзақ жолды айқындап алудың маңызы өте зор. Қазіргі заманда, құбылысы, жолайырғы көп заманда, адам да, бүкіл ел де адасады. Бізден екі ғасыр бұрын егемендік алған Латын Америкасы елдері дамитын жолдарын дұрыс таба алмай бір жарым ғасыр бір ілгері, бір кейін жүріп, тек кейінгі жарты ғасырда ғана беталыстарын түзегенін тарихтан жақсы білеміз. Осындайда адасып, жүрер бағытын дұрыс анықтай алмай жүрген елдер әлі де баршылық. Сондықтан да аталмыш Стратегияның тіке жүріп, дйттеген мақсатымызға жетуде маңызы зор.

1997 жылы Елбасы халқына «Қазақстан-2030» Стратегиясын ұсынды. Енді оны жаңа стратегия мерзімімен қосқанда осы екеуі қазақ елінің жарты ғасырдан астам жүретін жолын, алатын асуларын баяндайды екен. «Елу жылда ел жаңа» деген бабаларымыздың үлкен көрегендікпен айтқаны осы екі стратегияны орындау барысында жүзеге асырылатын сияқты. Бүгінгі таңда елімізде алғашқы стратегияда көзделген мемлекеттік жүйе құрылып, оның іргесі бекіді, толыққанды экономикалық жүйе қалыптасты, әлеуметтік саланы заман талабына сай қайта құрып жатырмыз. Тұрмыс деңгейі бойынша әлем елдерінің бел ортасына шықтық. Қысқаша айтсақ, «Қазақстан-2030» Стратегиясының көздеген негізгі мақсаттары орындалды дей аламыз.

Нәтижесінде ел жаңарды, экономика түрленді, мол тәжірибе жиналды, заман мен келешекке деген жаңа көзқарас, ой-сана, жаңа талпыныс қалыптасты. Әлем кеңістігіне біз қазір бұрынғыдай бір нәрсені сұраушы немесе үйренуші ретінде емес, өз орнын білетін, өз ісіне мықты, өз келешегін болжай білетін ел, халық, Қазақ мемлекеті болып қалыптастық. Жаңалықтарды бойына сіңіруге, небір қиын асуларды алуға жалпы халық та, іс басындағы азаматтар да шыңдалды. Қор жиналып, қоржынымыз толды. «Әттең тонның келтесі-ай» деген заман артта қалды. Алдын болжай білетін, халқын дұрыс жолмен бастап, заман талабына сай қоғам құра білген Елбасы мемлекет қайраткері ретінде әлемге танылды.

Міне, соңғы 20 жылдың ішінде қол жеткізген баянды, түбегейлі табыстар қазақ елін жаңа бір серпіліске, әлем өркениетінің тағы бір жоғары көкжиегіне шығуға шақырып тұр. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы осыны баяндайды, осыған шақырады. Бұл біздің елімізде дүниетанымдық тың серпіліс. Жолдауда бүгінгі күн тәртібінде және болашақта назарға ұстайтын әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың өзекті мәселелері барынша қамтылған. Олардың бәрін атап, түрін түстеу мүмкін емес. Сондықтан өз мамандығым – экономика саласында Президент көрсеткен жолға, ол ұсынған шараларға тоқтағым келеді.

Біз әлем елдерінде жылдан-жылға өршіп келе жатқан жаһандық тайталасқа дайын болуымыз керек дейді Президент. Өйткені, 30 елдің қатарына қосылуға бәсекелестік қатал болмақ. Сондықтан да экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу керек. «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттілікпен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм». Бұл аталмыш Стратегияда көрсетілген жол.

Біз үшін бұл экономикалық саясаттың жаңа бағыты. Қазір дамыған елдер қолданып отырған тәжірибе, дамушы елдер де осындай жолға біртіндеп көшіп жатыр, көше де бермек. Сондықтан да экономикалық прагматизм ХХІ ғасырдағы әлемдік үрдіс. Оның себебі де бар.

Жер бетінің халқы үзбей және жедел өсуде. Оның саны 1 миллиардқа жетуге көне заманда 250 мың жыл керек болса, оның екі есе өсуіне – 100 жыл, 3 есе өсуіне – 33 жыл керек болды, 7 млрд. халықтың қазіргі саны 8 миллиардқа жетуге небәрі 12-ақ жыл қажет болды, ал 2050 жылы жер бетіндегі халық 12 миллиардқа жетеді деп болжануда. Халық саны өссе, керісінше, табиғат байлығы барған сайын азайып келе жатыр. Экономикалық өсу көздері барлық елдерде, оның ішінде бізде де шектелу үстінде. Сондықтан да экономика саласында не істесең де, одан пайда табу діттеген мақсаттың болу керек. Экономикалық өсудің, тұрмысты дұрыстаудың негізі осында жатыр. Барлық іс-қимылды терең есептеп, оның тиімділігін арттыруды осылай экономикалық прагматизм дейміз.

Экономикалық прагматизм Қазақстан үшін өте керек саясат. Өйткені, жасыратыны жоқ, дұрыс есептелмей, жан-жақты ойластырылмай көп қаржы жұмсалған кейбір жобалар ешқандай нәтиже бермеді. Бір-екі мысал. Осыдан он-шақты жыл бұрын Алматыда өңірлік қаржы орталығын құрамыз, оған Ресейден, басқа көршілерден қаржы келіп өте көлемді, аумақтық қор жиналады дедік. Осы орталық үшін қаржы бөлдік, кең сарай ғимаратын салдық. Оның жобасын жасау үшін шетелдік компанияға қыруар ақша төледік. Осындай құрылған орталықтан бүгінге дейін ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Солтүстік Қазақстанда биоэтанол шығаратын зауыт салдық, оның да шығыны аз болған жоқ, ал нәтижесі жоқ. Осындай тағы да ондаған мысалдар бізде экономикалық прагматизм саясаты заманға сай қалыптаспағанының айғағы.

Министрліктер, өңірлік әкімдіктер, ірі компаниялар жұмысында да пайдасы аз, түсімділігі жан-жақты есептелмеген жобаларды жоспарға кіргізу, оларға қомақты қаржы бөлу бізде етек жайған кемшіліктер. Жылдан-жылға бюджеттен қаржы бөлінген көптеген кәсіпорындардың іске қосылмауы немесе кешігіп қосылуы да басқару жүйесінде экономикалық прагматизмнің жоқтығынан. Осындай ұлттық байлықты бей-берекет жұмсаудың зардабын біз сезіп отырмыз. Әлем экономикасындағы дағдарысқа қарамастан біздің негізгі экспорттық тауарларымызға (мұнай, газ, металл) сұраныс та және олардың бағалары да белгіленген мөлшерден жоғары болды.

Мен мұны экономикалық прагматизмнің бізге ауадай қажеттігін, осы бағыт болашақ экономикалық саясаттың басымдығы, ол үшін біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту керек деген Елбасы пікірін қолдау үшін айтып отырмын. Ал енді осы прагматизмді енгізу шараларына келсек, ең алдымен, Стратегияда көрсетілгендей, мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс. Макроэкономикалық саясат мемлекеттік бюджеттен басталады. Бюджетті алатын болсақ, Мемлекет басшысы айтқандай, оның бірде-бір тиыны ысырап болмауға тиіс, яғни өз мүмкіндіктеріміз шеңберінде ғана шығынданып, тапшылықты барынша қысқартуымыз керек. Бұл бюджет саласын жетілдіруге және осы саланы жүргізушілерге өте қатаң талап қояды. Алдымен ой-сана, сосын бюджет саласының жаңа әдістері қалыптасуы керек.

Бір кезде біздің ұсынысымызбен тиянақты нәтижені көздеген үш жылғы бюджет жүйесі (БОР) қолданысқа енгізіліп еді, бірақ оның аты болмаса, затына, тетіктеріне ешкім бойлап кірмеді, көптеген жобалар жан-жақты, мұқият есепсіз бюджетке кіргізіліп жатыр, үш жылғы деген аты болмаса, бюджет жобалары жылдан-жылға күрделі өзгереді, олардың бағалары қымбаттайды, осыған байланысты бюджет саласындағы шығын қаншама. Америка Құрама Штаттарында болғанымда 800-900 беттен тұратын, әрбір инвестициялық жобаның оның керектігі, шығыны, пайдасы жан-жақты қарастырылып, мұқият есептелген сол елдің бір жылдық бюджет жобасын көріп едім. Біздің бюджеттің оған ұқсастығы, осындай тиянақтылығы аз, тіпті жоқ деп айтсақ та болады, бізде ол әрбір бюджет әкімшілеріне бөлінетін қаржы көлемі мен инвестициялық жобалардың жайдақ тізбесі ғана. Әрине, ондай бюджеттің тиімділігін, орындалуын қадағалау қиын.

Жаңа салық саясаты әлеуметтік бағыт алуға тиісті дейді Елбасы. Басты міндет – кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыру. Біздегі салық жүйесі басқа көршілерге қарағанда біршама жеңілдетілген, кәсіпкерлерге біршама қолайлы. Бірақ дамыған елдермен салыстырғанда біздегі салық жүйесінің олардан айырмашылығы бар. Шетелдерде еңбек табысына салынған салық аз, салықтың дені жылжымайтын мүлікке, осы сияқты байлыққа салынады. Сондықтан да тапқан еңбекақы, жалақыдан алынатын салық аз. Мысалы, табыс салығының төмен деңгейі Германияда –19%, Ұлыбританияда – 20%, АҚШ-та – 15%. Бізде бұл деңгей табыстың 30%-ын құрайды. Ел арасындағы әлеуметтік айырмашылықты өсіре бермеу үшін табысы молдарға салықты молырақ, табысы аздарға оны төмен деңгейде енгізу жүйесі дұрыс сияқты. Бұл әлеуметтік жағдайдың дұрысталуына, адам еңбегі табысының өсуіне әкеледі. Елбасы көрсеткен жаңа салық саясатының әлеуметтік бағытының жолдары осы мәселелерді шешуде жатыр.

Экономиканың тиімділігін, пайдасын арттыруда қаржы-несие саясатының маңызы зор. Осы саланың түбегейлі жаңа жүйесін әзірлеу қажет, дейді Елбасы өзі ұсынып отырған Стратегияда. Орынды пікір, өйткені бұл саладағы кемшіліктердің салқын әсерін шаруашылықтың көптеген салалары сезіп отыр. Екінші дәрежелі банктер белшесінен батқан қарыздан толығымен құтыла алмай және есепсіз берген несиелерін қайтара алмай бастары қатуда. Нәтижесінде экономикаға керекті несиелік ресурстарға қажеттілігі көрініп-ақ тұр. Коммерциялық банктердің жұмысын реттеп, бақылауды Үкімет Ұлттық

банкке тапсырғанына төрт жыл толды. Бірақ ол аталмыш банктер жүйесіндегі кемшілік, қайшылықтарды жою үшін айтуға тұратын бір де бір ауқымды шара қолдана алмай отыр.

«Экономиканың квазимемлекеттік секторы борышының деңгейін қатаң бақылау қажет», деген Елбасы пікірін мен қызу қолдаймын. Әлемде қалыптасқан қарыз есебінің ережесі бойынша квазимемлекеттік борыш бұл шынайы мемлекеттік қарыз емес, сондықтан да қауіпті емес қарыздардың құрамына жатады. Дегенмен, осындай ереженің Қазақстан үшін жаңсақтығы бар дер едім. Өйткені квазимемлекеттік секторға бізде ұлттық компаниялар кіреді, олардың активтерінің дені мемлекет меншігінде. Олар өз табыстарымен шеттен алған қарыздарын қайтара алмаған кезде, түбінде бұларға тек өз қаражатымен біздің Үкімет қана көмекке келеді, ондай көмек жасалып та жатыр. Сондықтан бұл мемлекеттің қалтасына тікелей әсері бар қарыз, ол қазір 19-20 млрд. долларға жақындады, оның әрі қарай өсуін болдырмау үшін, Елбасы айтқандай, оны қатаң бақылауға алу керек.

Корпоративтік сектордың жүз млрд. доллар қарызының 60 млрд. доллары – фирмалар арасындағы өзара берешек. Бұндай белшесінен батқан қарыздың кәсіпорындарға пайда бермесі анық. Бұл бір жағынан, екінші жағынан, өз елімізде қазір жұмсалмай отырған қаржы қаншама, тек екінші дәрежелі банктерде олар 10-12 млрд. долларды құрайды. Тиісті тетіктерін жасап, оларды неге ішкі сұранысқа пайдаланбасқа. Бұл да, Елбасы көрсеткендей, экономикалық прагматизмді дамыту жолы.

Экономикалық прагматизмнің басқа да бірнеше жолдары айқын аталған жаңа Стратегияда. Олар: шетелдермен экономикалық байланыстың қолайлы болып, тиімділігін арттыру үшін «Жаһандық инфрақұрылымдық интеграция» арнайы бағдарламасын әзірлеп, оны іске асыру; Ұлттық қордың қаражатын бірінші кезекте ұзақ мерзімді жобаларға бағыттау; инновациялық дамуды қолдау, әсіресе, жеке компаниялардың өз қаражатын зерттеулер мен инновацияға салуға ынталандыру; бұрынғыдай сыртқа жай ғана шикізат сатудан бас тартып, энергия ресурстарын қайта өңдеу мен аса жаңа технологиялармен алмасу саласындағы ынтымақтастыққа көшу. «Біз, – дейді Елбасы – инвесторларды еліміздегі ең заманауи өндіру және қайта өңдеу технологияларын беру шартымен ғана тартуға тиіспіз. Біз инвесторларға еліміздің аумағында ең жаңа өндірістер құратын болса ғана шикізаттарымызды өндіру мен пайдалануға рұқсат беруге тиіспіз». Бұлар, шын мәнінде, экономикалық прагматизмнің болашақта бізде қолданысқа енетін жаңа қырлары.

Нарық экономикасын жасау шаралары бізде 20 жыл үзбей жүріп жатыр. Дегенмен, әрбір салада әлі де қомақты мемлекеттік мүлік баршылық. Кейінгі жылдары әлемдегі экономикалық дағдарыстың салқын әсерлерімен күрес барысында кейбір кәсіпорындар мен банктерді мемлекет өз қолтығына қайтып алды. Бұл еліміздегі экономика саласындағы бәсекелестікті төмендетеді. Сондықтан да, Елбасы айтқандай, «біздерде мемлекет өзінің ролін өзгертуі тиіс. Бізге кең ауқымды жекешелендірудің екінші толқыны қажет».

Бұл күрделі өзгерістерге, мемлекет пен нарық арасындағы жауапкершілікті қайта бөлісуге әкеледі. Біздер экономиканы, меншікті ырықтандырудың бір-екі сатысынан өттік. Алғашқыда Халықаралық валюта қорының, кейбір дамыған елдердің талабымен бағаны реттеуді тоқтаттық, сауданы ашық түрде жүргіздік, өте тез меншікті жекешелендіру науқанын жүргіздік. Нәтижесінде экономика күрт төмендеді, тұрмыс нашарлады, асығыс жасалған нарық тетіктері жағдайды дұрыстай алмады. Осының салдарынан кейбір салаларда мемлекеттік реттеу тетіктерін енгізе бастадық, ал 2007-2009 жылдары мемлекет қарамағына біршама мүлік ауысты, экономикада «қолдан басқару» тәсілдері күшейді, бәсекелестіктің арнасы тарылды.

Елбасы көрсетіп отырған жекешелендірудің ауқымды толқыны осы кемшіліктерді жойып, бәсекелестік ортаны күшейтуді, экономиканың тиімділігін арттыруды көздеп отыр. Дегенмен, нарық экономикасының ұраншылары айтқандай, мемлекет рөлін «түнгі күзетші» дәрежесіне дейін төмендетуге ешқандай негіз жоқ. Стратегияда көрсетілген ауқымды шаралар, түбегейлі өзгерістер оларды орындау ісінде мемлекет мұрындық болуын талап етеді және де мемлекеттің экономикаға араласу тетіктерін қайтадан қарап, оларды жетілдіруді керек етеді.

Стратегияда көтерілген өзекті мәселелердің бірі – ауыл шаруашылығы, алдағы уақытта оны ауқымды жаңғырту. Егістік алаңын ұлғайту керек, дейді Елбасы. Мынандай сайын дала, шалқар жер көп елдердің маңдайына бітпеген байлық. Егін алқабын азайтамыз деп даурығып жүргендер бізде баршылық. Егін екпесек осындай жеріміздің қалай пайдасын көреміз, егін екпесе ауылда отырғандар не істейді. Дүниеде азық-түлік тапшылығы жылдан-жылға өсіп, ал егін салатын жер жылдан-жылға азайып келе жатқанда, егістік алаңын ұлғайту өзіміз үшін де, халықаралық қауымдастық үшін де бірден-бір дұрыс саясат. Президент оны дұрыс айтып отыр. Тағы бір қолдайтын жағдай Елбасы «ең жаңа агротехнологияларды қолдануға бағытталған орта және ірі тауарлық ауылшаруашылық өндірістерін құру жөніндегі заңнамалық және экономикалық ынталандырулар жүйесін» жасауды Үкіметке тапсырды. Осы тапсырма іске асса, ауыл экономикасында елеулі, оң нәтиже беретін өзгерістер болмақ. Өте шағын жекешелендірілген фермерлік шаруашылықтардың басын біріктіріп, өндірістік кооператив құру керектігі жөнінде мәселені Үкімет алдында мен де көтерген едім. Өткен 20 жылдың ішінде ауылдағы экономикалық реформалардың тиімді-тиімсіз жақтарын байқадық. Бұрынғы колхоз, совхоздардан тиісті үлесін алып, жеке шаруашылық құрған фермерлер бар; кең көлемді жерлер сатып алып, өндірістік бірлестіктер құрған қалталы азаматтар да бар; бірақ ауылдағылардың дені кішігірім ғана шаруа қожалықтары. Иеленген жер телімдері аз ғана, көлемді егіспен айналысуға жетпейді. Қолдарындағы аз ғана малдарын асыл тұқымдандыруға экономикалық мүмкіндіктері жоқ. Ең жоғары агротехнология, өнімді техника сатып алып қолдануға тағы қаражаттары жеткіліксіз. Сондықтан егін алқабынан да, малдарынан да түсім төмен. Осындай жағдайдан шығу жолы – шағын шаруа қожалықтарының басын біріктіріп, оларды, Президент көрсеткендей, орта және ірі ауылшаруашылық өндірістеріне айналдыру. Сонау 1994-1995 жылдары Германияның шетелдермен экономикалық қарым-қатынастарын ыңғайластыру ұжымының (ГТЦ) кеңесшісі ретінде аталмыш елдің көп жерлерін аралағаным бар. Сол кездерде

Германияның Батыс пен Шығыс жағы қайта қосылып, бір мемлекет болып, шығыстағы социалистік шаруашылық жүйесін батыстағы нарықтық экономика үлгісімен қайта құру үрдісі жүріп жатты. Шығыстағы ауыл еңбеккерлеріне жеке фермелер қожалығын жасау немесе өндірістік ұжымдар (командиттік серіктестік) құрып, соларға мүше болу ұсынылды. Шығыс Германиядағы ауыл еңбеккерлерінің 65-70%-ға жуығы өндірістік кооперативте қалуды таңдады. Осындай кооперативтің әр шаруаға да, елге де тиімділігін түсіне білді.

«Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады», дейді Президент. Бұл қазіргі де, болашақта болатын кәсіпкерлерге де, оларға деген мемлекет тарапынан демеудің, көмектің, жалпы қамқорлықтың ауқымды шараларына жол ашады. Осының арқасында елде жүріп жатқан күрделі экономикалық реформаларға кәсіпкерлер белсенді түрде араласып, оларды жүргізудің негізгі күші болуы керек. Бизнесмендердің қол-аяғын байлайтын көптеген лицензиялар мен рұқсат беру ережелерінің күшін жою, жергілікті бизнес бастамаларын көтермелеу, бизнесмендерді ретсіз тексеруге тыйым жасау, бизнеске бөгет жасаушыларға қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу, осы сияқты басқа да Жолдауда көрсетілген шаралар отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру жолдары болып табылады. Халықаралық рейтинг компаниялары соңғы жылдары біздің елде бизнес жасаудың қолайлылығы жағынан ілгері жылжығанымызды айтып еді, ал енді «Қазақстан-2050» Стратегиясында ұсынылған шаралар осы салада біздерді ең алдыңғы елдердің қатарына қосады. Нәтижесінде, Елбасы айтқандай, орта және шағын бизнес 2030 жылы бүгінгі деңгейінен 2 есе, 2040 жылы үш есе өсуі тиіс. Бұл бізді дамыған елдердің деңгейіне жақындатады.

Қазақстан үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың алғашқы бесжылдығын орындау үстінде. Дәл осындай қарқынды және сапалы даму екінші бесжылдықта да жалғасуы керек. Нәтижесінде, Елбасы айтқандай, біздегі экономиканың, әсіресе, өндірістің бетпердесі түбегейлі өзгеруі керек. Қазақстан өзінің өндірісін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес жаңартуы қажет. Әлем үшінші индустриялық революция қарсаңында тұр. Қазіргі таңда Еуроодақ елдерінің ІЖӨ өсуінің тек 10% ғана жұмыс күшіне байланысты, 40% жиналған негізгі активтерге, ал 50%-ы инновацияға байланысты. Дәлірек айтсақ, ІЖӨ-нің 58% Франция, 63-64%-ын Финляндия, Швеция, 67 пайызын Германия мен Австрия инновациялық факторлар негізінде алады. Инновация әлемдегі дамудың өктем талабы. Осыған сай болу үшін біздер үш жыл бұрын индустриялық-инновациялық даму жолына түстік. Жоғарыда айтқанымыздай, Елбасы инновациялық дамудың келесі фазасының егжей-тегжейлі жоспарын жасауды Үкіметке ұсынып отыр. Және де ол біздің болашақ жолымызда кездесетін күрделі шаралармен, дәлірек айтсақ, біз кіруге дайындалып отырған Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарымен, Ресей мен Беларусьтың қатысуымен Біртұтас экономикалық кеңістік құру талаптарымен тығыз байланыста жасалуы керек. Негізгі талап біреу – отандық тауар бәсекеге қабілетті болуы керек.

Мен Елбасы Стратегиясы туралы әңгімемді экономика төңірегімен ғана шектеймін деп едім. Бірақ Стратегияда көрсетілген, болашақ үшін үлкен маңызы бар бір салаға

тоқтамай өтуге болмайды. Ол – әлеуметтік сала. Осыдан аз ғана бұрын Елбасы Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жол көрсеткен 20 қадамды ел назарына ұсынып еді. «Қазақстан 2050» Стратегиясында осымен қатар әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары ұсынылып отыр. Басты міндет – кедейшіліктің өсуіне жол бермеу. «Кедейшілік ешбір қазақстандық үшін әлеуметтік перспективаға айналмауы керек», дейді Президент. Ең алдымен тұрмыс деңгейін анықтайтын ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктер қолданысқа енгізілуі керек. Бұл әлеуметтік салада орын алып отырған теңсіздікті бірталай төмендетуге мүмкіндік береді. Әрі қарай экономиканың өсуіне байланысты өмір сапасының стандарттарын кезең-кезеңмен сапалы арттыру көзделіп отыр.

«Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға, т.б. атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады», деп көрсетілген Стратегияда. Бұл әлеуметтік қолдауға, қорғауға мүдделі үлкен бір топтың көкейкесті мәселелері түбегейлі шешіледі деген сөз. Осыдан үш жыл бұрын «Өнімділік-2020» бағдарламасы негізінде елде жұмыссыздықты еңсеру, жұмыссыздарды оқыту және қайта даярлау шаралары басталды. Олар оң жемісін беруде. Елбасы ұсынған жаңа Стратегияда жұмыссыздықпен күресу мәселесі тағы да ойластырылған. Біріншіден, мемлекет жұмыссыздарға әлеуметтік қолдауды осы топқа жататын адам жаңа мамандық игеріп, қайта даярлықтан өтуге бет бұрған жағдайда көрсетуі керек. Бұл жұмыссыздықпен күрестің тиімді жолы. Екіншіден, жұмыс берушілер халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын жұмысқа белсене тартып, оларды еңбекақымен қамтамасыз ететін жағдай жасауды ұсынады Елбасы. Үшіншіден, өңірлерді дамытуда орын алып отырған әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешу керек.

Әлеуметтік саланың шешуші қырларының бірі білім мен денсаулық сақтау жүйелерінде жатыр. Осы салалардың бірден-бір көздеген мақсаты еліміздегі адами капиталды барынша дамыту. Әр адамның білімі мен біліктілігін өсіру, ұзақ өмірін қамтамасыз ету, оның ой-санасын, дүниетанымын, өмірге деген белсенділігі мен мәдени пайымдауын күшейту – бұның бәрі адами капиталды көбейту үшін күрес. Бұл әлемдік күрес, барша әлем елдері назарындағы үрдіс. Стратегия да осы әлемдік үрдісті берік ұстап, жастарды, ел азаматтарын заманның өктем талаптарына сай болуға шақырады, болашақтың жолдарын ұсынады. «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», дейді Президент.

Бір замандарда халқымыз түгелімен сауатты деп мақтанушы едік. Ондай заманның артта қалғаны қашан дейді Елбасы. Қазір сапалы білім керек, әсіресе, инженерлік білім берудің және заманауи техникалық мамандық жүйесін дамытудың мәні зор. «Кәсіптік-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек», дейді Нұрсұлтан Назарбаев. Осыдан төрт жыл бұрын Малайзия елін 22 жыл басқарған Мохатхир Мохаммед мырзамен сұхбаттасудың реті келіп еді. Малайзия небәрі 50 жыл шамасында тәуелсіздікке ие болып, содан кейін өте жақсы дамып, әлем елдерінде жоғары орны бар мемлекет қой. Мохатхир Мохаммед мырза ел жетістіктерін айта отырып, «мен

ауылда жүрген малай жастарын қалаға әкеліп немесе шетелге жіберіп, оларды инженерлікке оқыттым. Қазір біздегі техникалық интеллигенция білімді, біліктілігі жоғары. Біздер технологиялық-техникалық дамудан ешкімге тәуелді емеспіз. Қандай күрделі техникалық мәселелер болса да өз мамандарымыз ойдағыдай шешеді», деп еді. Нұрсұлтан Әбішұлының да жоғары мектепке қойып отырған талабы да технология, техника саласында болашақта еліміздің тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстанда 25 жастағы және одан үлкен азаматтардың 25,5%-ы жоғары білім иегерлері. Осы көрсеткіш деңгейімен біз әлем елдерінің орта шебіндеміз. Ал Ұлыбритания мен Данияда жоғары білімді азаматтар жалпы халықтың – 33,5%, Оңтүстік Кореяда – 31,6%, АҚШ-та – 38,6%, Канадада – 43,9% құрайды. ҚХР-дың ХХІ ғасырдың ортасына дейінгі жобасында жоғары білімділер тобын халықтың 80%-на жеткізу көрсетілген. Қазақстанда әрбір 10 мың адамға шаққанда 374 студент, Малайзия мен Түркияда – 399 студент, Данияда – 409, Ұлыбританияда – 414, АҚШ-та – 633, Оңтүстік Кореяда – 665 студент. Соңғы ширек ғасырда жоғары білім алушылардың қатары үдемелеп өсуі әлемде орын алып отырған феномен. Елбасының жоғары білімді дамыту туралы ұсыныстары да осы әлемдік үрдіспен жалғасуда.

Адами капиталға қайта оралсақ, оны дамытудың маңызды бір саласы денсаулық сақтау жүйесінде жатыр. «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі», дейді Елбасы. Қазақстанда әрбір 10 мың адамға 39 дәрігер және 78 медбике мен акушер келеді екен. Осы көрсеткіштерімізбен біздер әлем елдерінің алдыңғы жағындамыз. Соңғы жылдарда заман талабына сай көптеген емхана мен ауруханалар салынды. Стратегияда осылармен қатар еліміздің барлық аумағында медициналық қызметтер сапасының бірыңғай стандарттарын енгізу, сондай ақ, медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын бірыңғайландыру көзделген, осы үлкен де ауқымды істің болашақтағы негізгі басымдықтары айтылған.

Стратегияда айтылғандай, адами капиталдың біздің әлемдегі бәсекелестікке сәйкес болуымызға, діттеген мақсат – ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуымыз үшін маңызы зор. Осы саладағы бәсекелестік жылдан-жылға ұлғаюда. Америка Құрама Штаттарында адами капиталға инвестицияның жалпы көлемі сол елдің ІЖӨ-сінің 26% деңгейінде екен, бізде ол 10% мөлшерінде. Осы тұрғыдан әлі алатын асулар алда. Стратегия осыған шақырады.

Елбасы ұсынған «2030» және «2050» Стратегиялық даму бағдарламаларының – бірі негізінен орындалды, оның куәсі болып отырмыз, қалғандары орындалу үстінде. Екінші Стратегия бұрынғыдан жоғары елді, әрбір шаруашылық салаларын түбегейлі өзгеріске әкелетін, ой-сананы жаңартатын, ел тұрғындарының дүниетанымын өзгертетін шаралар жасауды ұсынып отыр.

Бұлар асқақ арман, біздер алатын асулар, біздер көтерілетін шыңдар. Олар орындалады, егер барша халық болып алдымызда тұрған зор міндетті түсіне білсек, түсіне келе белсенді іске кіріссек. Кездесетін қиындықтарды, әсіресе, Елбасы көрсеткен бізге тікелей ықпалы бар әлемдегі, жаһандану үрдісіндегі қиындықтарды жеңе білсек.

Сонымен «Біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарап қайда болғымыз келеді?» деген сұрақтарға Елбасы өз жауабын берді. Халық оны қолдап жатыр. Тек қолдау аз, шаруашылықтың әрбір саласында, басқару жүйесінің барлық сатыларында халыққа деген жанашырлықпен қызу іске кірісу керек.

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик. <http://www.egemen.kz/2012/12/27/353142/>

[27 желтоқсан 2012ж. Егемен Қазақстан](#)